

Мукими атындағы №13 ЖОББМ

Баяндама

**Тақырыбы: «Оқушылардың сыни
ойлау дағдылары дамыту жолдары»**

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:
Дуйсебай Ақтоты Әділханқызы**

2024-2025 оқу жылы

Кіріспе:

Сыни ойлаудың білім берудегі маңызы

Бүгінгі жылдам өзгеріп жатқан ақпараттық заманда оқушыларға тек білімді меңгеру аздық етеді – олар сол білімді сын көзбен талдап, тиімді қолдана білуді үйренуі тиіс. Сыни ойлау ХХІ ғасырдағы ең маңызды дағдылардың бірі ретінде танылып отыр: Дүниежүзілік экономикалық форумның деректері бойынша, таяу жылдарда еңбек нарығында сұранысы ең жоғары қабілеттердің қатарында сыни ойлау мен талдау, сондай-ақ күрделі мәселелерді шешу дағдылары көш бастап тұр[1.45]`

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту. ХХІ ғасырда ақпарат ағынының көптігі оқушылардың тек білімді жаттап алуына емес, оны талдау, салыстыру, логикалық қорытынды жасау, өзіндік көзқарасын дәлелдей білуіне басымдық береді.

Сыни ойлау – оқушылардың кез келген ақпаратты ой елегінен өткізіп, оны бағалау және өз тәжірибесінде қолдану қабілеті. Бұл дағды оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, өмірлік жағдаяттарда тиімді шешім қабылдауына ықпал етеді.[2.112]

Сыни ойлау дағдыларын дамытуда әлемдік білім беру саласындағы ғалымдар Л.С. Выготский, Д. Дьюи, Ж. Пиаже, Б. Блум, Дж. Брунер және басқа да зерттеушілер ұсынған теорияларға сүйенуге болады. Выготскийдің “Жақын арадағы даму аймағы” теориясы бойынша, оқушылар өз бетінше іздену арқылы жаңа білімді терең меңгереді. Дьюидің “Рефлексиялық ойлау” концепциясы оқыту барысында белсенді ойлау процесін жүргізудің маңыздылығын көрсетеді.[1.87]

1. Сыни ойлау дағдыларын дамытудың маңызы

Сыни ойлау қабілеті жоғары оқушылар:

- Ақпаратты талдай алады және қажетсіз деректерден арылып, негізгісін ажыратады.
- Проблемаларды шешуде шығармашылық көзқарас танытады.
- Өз ойын дәлелдей алады, логикалық тұрғыда негіздейді.
- Тәжірибеде қолдана біледі және жаңа білімді өмірлік жағдаяттарда пайдаланады.

PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, функционалдық сауаттылық пен сыни ойлау деңгейі жоғары оқушылар өз білімдерін өмірде тиімді қолдана алады. Сондықтан, бастауыш сыныптан бастап оқушыларды сыни ойлауға үйрету – олардың болашақта бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.[2.134]

2. Сыни ойлауды дамыту әдістері

Сыни ойлауды дамытудың тиімді әдістеріне “Ой қозғау”, дебат, кейс-стади (нақты жағдайды талдау), Блум таксономиясы негізінде сұрақ қою әдістері жатады.

2.1. “Ой қозғау” әдісі (“Бауырсақ” ертегісі негізінде) алатын болсақ

Оқу мақсатына сәйкес

2.3.1.1 - шағын мәтінді түсініп, мәнерлеп (дауыс ырғағын дұрыс қойып)/рөлге бөліп оқу

2.2.5.1 мәлімет, кейіпкер, оқиғаларды салыстыру негізінде қарапайым пікір ("мен... деп ойлаймын", "мен... деп санаймын", "маған ... сияқты", "маған ... тәрізді") білдіру

Бұл әдіс сабақтың басында оқушыларды белсенді ойландыру мақсатында қолданылады. Мұғалім оқушыларға алдын ала ойландыратын сұрақтар қояды:

- “Егер Бауырсақ тұлкіге жолықпағанда, оның тағдыры қалай өзгерер еді?”
- “Бауырсақтың орнында болсаң, не істер едің?”
- “Аңдардың орнына адамдар болғанда, қандай оқиға орын алар еді?”

Бұл сұрақтар оқушылардың логикалық ойлауын, дәлелді пікір айту қабілетін және шығармашылық көзқарасын дамытады. Сонымен қатар, Блум таксономиясы бойынша сұрақ қою арқылы олардың ойлау деңгейін жүйелі түрде жетілдіруге болады:

Ойлау деңгейі	Сұрақ үлгісі
Білу	“Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?”
Түсіну	“Бауырсақ неге үйден қашып кетті?”
Қолдану	“Егер сен Бауырсақтың орнында болсаң, қай бағытқа барар едің?”
Талдау	“Қасқыр мен аюдың Бауырсаққа деген қарым-қатынасы қандай?”
Жинақтау	“Бауырсақ ертегісін басқа кейіпкерлермен өзгертіп жазуға бола ма?”
Бағалау	“Бауырсақ дұрыс әрекет жасады ма? Сен оған қандай кеңес берер едің?”
2.2. Дебат (пікірталас) әдісі	Бұл әдісте оқушылар бір мәселе бойынша қарама-қарсы пікір білдіріп, өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді.

Бұл әдісте оқушылар бір мәселе бойынша қарама-қарсы пікір білдіріп, өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді.[4.115]

Мысалы:

“Бауырсақтың үйден кетуі дұрыс па, әлде қате ме?”

Оқушылар “Дұрыс” және “Қате” деген екі топқа бөлініп, өз ұстанымдарын дәлелдеп қорғайды. Бұл олардың дәлелдеу, логикалық құрылым құру, қарсы пікірге жауап беру дағдыларын дамытады.[1.127]

2.3. Кейс-стади (нақты жағдайды талдау) әдісі

Оқушыларға өмірден алынған нақты жағдайлар беріледі, олар оны талдап, өз шешімдерін ұсынады.[1.152]

Мысалы:

“Егер сен Бауырсаққа дос болсаң, оған қандай кеңес берер едің?”

Бұл әдіс оқушылардың логикалық ойлау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және практикалық шешім қабылдау қабілеттерін арттырады.

3. Функционалдық сауаттылық пен сыни ойлауды дамыту нәтижелері

Сыни ойлау мен функционалдық сауаттылық өзара тығыз байланысты. OECD (PISA) зерттеулерінде жоғары нәтиже көрсеткен елдер оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу, оны талдау және шешім қабылдау қабілеттерін ерекше дамытатынын дәлелдеді.[3.157]

- ✓ Білім сапасын арттырады: Оқушылар ақпаратты жаттамай, оны терең түсініп, қолдануға үйренеді.
- ✓ Коммуникативтік дағдыларды дамытады: Оқушылар өз ойын дәлелді түрде жеткізе алады.
- ✓ Зерттеушілік қабілеттерін арттырады: Мәселені зерттеу, салыстыру және шешім шығару дағдылары дамиды.
- ✓ Өзіндік пікір қалыптастыруды үйретеді: Оқушылар өз көзқарасын қорғап, дәлелдер келтіру қабілетін жетілдіреді.[2.134]

Қорытынды

Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту – қазіргі білім беру жүйесіндегі басты басымдықтардың бірі. Бұл дағдылар ақпаратты талдау, логикалық ойлау, проблемаларды шешу және шешім қабылдау қабілеттерін арттыру арқылы олардың білімін өмірде қолдануына мүмкіндік береді. Сыни ойлау **жеке тұлғаның жан-жақты дамуына** ықпал етеді: тәуелсіз пікір қалыптастыруға, өзіндік **құндылықтарын** санада бекітуге, өзгелердің пікірін құрметтей отырып, ақпарат ағымында өзіндік ұстанымын табуға көмектеседі. Бұл қабілеттер ХХІ ғасырда табысты болудың негізгі шартына айналып отыр – білім алуды үйренген, сыни ойлайтын және өмір бойы өзін жетілдіруге дайын азамат қоғамның прогрессивті, белсенді мүшесі болады

Мұғалімдер “Ой қозғау”, дебат, кейс-стади, Блум таксономиясы сияқты әдістерді жүйелі түрде қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, олардың болашақта білімді саналы түрде меңгеруіне жағдай жасай алады.[5.9]

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Выготский Л.С. “Оқыту мен дамудың өзара байланысы” – Москва, 1978.
- 2.Piaget, J. “The Origins of Intelligence in Children” – New York: W.W. Norton, 1952.
- 3.Dewey, J. “How We Think” – Boston: D.C. Heath, 1933.
- 4.Блум Б. “Оқыту мақсаттарының таксономиясы” – Чикаго: University of Chicago Press, 1956.
- 5.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. “Жаңартылған білім беру бағдарламасы” – Астана, 2018.

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында Lesson Study бағдарламасын қолдану» атты авторлық бағдарламасына